

Әмірхан РАХЫМЖАНОВ,

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –

Елбасы кітапханасының директоры,

саяси ғылымдардың докторы, профессор

Ұлы дала елі мен Оттар елінің тамыры терең достығы асқақтамаса төмендемек емес



Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылы орнатылса, Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде бірінші болып еліміздің Әзербайжандағы Елшілігі 1994 жылғы 16 желтоқсан - Қазақстанның тәуелсіздік мерекесі күні ашылды.

«Гейдар Әлиевтің мұрасы» халықаралық электрондық кітапханасының сайтына салынған 1995 жылғы 31 қазанда Бакудегі Қазақстан елшілігінде өткен ресми қабылдауда Әзербайжан көшбасшысының сөйлеген сөзінен оның бауырлас Қазақстанға деген шынайы сүйіспеншілігін сезуге болады. Ол былай деген еді: «... Тәуелсіздіктің төрт жылындағы Қазақстан Республикасының жетістіктеріне бауырлас ел, бауырлас халық ретінде қуанамыз. Мен бауырларымды осы табыстарымен құттықтаймын. Қазақстан мен Әзербайжан, қазақ пен әзербайжан халқы арасындағы байланыстың тарихы әріден басталады. Бүгінде, XX ғасырдың соңында бұл байланыстар кеңейіп, одан әрі дамуда. Ең бастысы, біз бір-бірімізге пайда және кіріс әкелудеміз. Осыдан екі ай бұрын бәріміз бірге тұтас түркі әлемінің ұлы ақыны, ғалымы, философы Абайдың 150 жылдық мерейтойын атап өттік. Бұл мереке Әзербайжанда да ерекше атап өтілді. Менің қадірлі досым Нұрсұлтан Назарбаевтың осы мерекеге байланысты шақыруын қабыл алып, мен Алматыға бардым, біздің делегация мерекелік іс-шараларға өз мерекесіндей қатысты. Қазақстан Президенті, құрметті Нұрсұлтан Назарбаевпен мені достық қатынастар байланыстырады. Осы байланыстың да өз тарихы бар. Қазіргі уақытта, Қазақстан мен Әзербайжан тәуелсіз мемлекет болғанда біз бұрыңғы және қазіргі байланыстарымызды елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамытуға арнауадымыз».

Иә, Гейдар Әлирзаұлының бауырлас халықпыз деген жылы сөзін, араларын екі мемлекетке ортақ Каспий теңізі бөліп тұрған Қазақстан мен Әзербайжан елдерінің тарихы мен тағдырындағы төмендегі ұқсастықтар дәлелдей түседі. Бастыларын атап өтсек артық болмас деп ойлаймыз.

Ұлы ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және тұңғыш классигі Абай Құнанбайұлының он үш жасында (1858 ж.) әдебиет әлеміне жасағалы отырған ұлы сапарының басында шығыстың жеті шайырына сиынып шығарған мына өлең жолдарын еске алмау мүмкін емес:



Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд.

Абайдың осы өлеңіндегі тізімде бірінші болып Әзербайжан халқының классикалық әдебиетінің негізін қалаушы Физули тұр (шын есімі – Мұхаммед ибн Сүлеймен).

Физулиді айтып, «Хамсаны» әлемге мұра етіп қалдырып кеткен Низами Гәнжауиді (Ілияс Жүсіпұлы Низами) айтпауға да болмас. Олай дейтініміз, Низамидің жырлары – қазақ халқының рухани азығы болған.

Кемеңгер Абайдың шығыс шайырларымен, оның ішінде әйгілі «Ескендірнаменің» авторы Низамимен байланысы туралы айтқанда ең алдымен оның нәзира үлгісімен жазған «Ескендір» поэмасы ойға оралады. «Ескендірді» Абай өзінше жырлап, жаңаша философиялық түйінмен жырлағанын Мұхтар Әуезов бастаған қазақ ғалымдары зерттеулерінде атап өткен.

Ал, лирик Ақан сері, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәңгерей сынды ақындар Низами шығармашылығынан көп нәрсе үйренсе, Тайыр



Жароков, Ғали Орманов, Жақан Сыздықов, Дихан Әбілев, Тәкен Әлімқұлов, Бегділдә Алдамжаров ұлы Низамидің асқақ сырға толы шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Сондай-ақ, Низамидің ізін басқан Әзербайжан ақындарының ішіндегі шоқтығы биігі Физулиді Абай өзіне ұстаз тұтса, қазақтың ақыны, жазушысы, философы Шәкәрім Құдайбердіұлы Физули мұрасының шырқау шыңы - «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын қазақ тіліне аударған.

Осы арада сонау Кавказдағы Гәнже-шәй өзенінің жағасындағы бұрынғы Бижеде дүниеге келген Низами мен Ұлы дала елінің Жидебайында дүниеге келген Абайды байланыстыратын мәйек – осыдан он төрт ғасыр бұрын тарихтағы ең ірі мемлекеттердің бірі Түрік қағанатында өмір сүріп, түрік тілінде сөйлеген ата-бабаларымыздың ортақтығы десек қателеспеспіз.

Жалпы, оғыз-қыпшақ дәуірін, оның арғы тегі түркі тайпаларының тарихын зерттеуде Қорқыт

Атаны айналып өту мүмкін емес. Себебі, Сырдария өзенінің бойынан шыққан Қорқыт бейнесі Шығыс Түркістаннан бастап Кіші Азияға дейінгі аймаққа таралған түркі халықтарының ауызша, жазбаша деректерінде ойып орын алады. Қорқыт Ата – күллі түркі дүниесінің тарихында, рухани өмірінде айрықша орын алатын, түркі кезеңі деп аталатын тұтас бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін, саяси-әлеуметтік және діни дүниетанымын өн бойына жинақтаған бірегей тұлға. Ал, қазақтың қобызы – күй атасы атанған Қорқыт бейнесінің ажырамас бөлігі. «Ол әлемге қобызды және қобыз сарынын алып келді. Бүгінгі ыспалы аспаптардың барлығы дерлік Қорқыт қобызынан бастау алады» дейді жазушы, драматург Дулат Исабеков.

Сыр жағасына жақын жерде Қорқыт атаның зираты болғанын түріктанушы Әбубәкір Диваев және басқа да ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Осы арада, 1980 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевтың ұйымдастыруымен сәулетші

Бек Ыбыраевтың жобасы бойынша Қызылорда облысының Қармақшы жерінде аты аңызға айналған, орта ғасыр ойшылы, күй атасы Қорқыт баба ескерткіші орнатылғанын атап өткіміз келеді.

Тұтас түркі туралы сөз қозғағанда ортақ мұрамыз, түркі әдебиетінің түп-тамыры «Қорқыт ата кітабына» немесе «Китабы Деде Коркут» туындысына тоқтамай кетуге болмайды. Бұл тарихи-әдеби мұраның Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ дәуірінде жырланып, XV ғасырда Кавказ жерінде хатқа түсірілгені туралы деректер бар. Аталған қаһармандық эпос үлгісінің Әзербайжан тіліндегі аудармасы 1950 жылы Бакуде басылса, 1986 жылы Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ тіліндегі аудармасы тұңғыш рет басылды. «Қорқыт ата кітабын» қазақстандық ғалымдар М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбай және басқалары зерттесе, Әзербайжанда Г.Араслы, А.Демирчизаде, М.Тахмасиб, М.Сеидов және басқалары зерттеді.

1999 жылы Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығы ЮНЕСКО тарапынан халықаралық деңгейде атап өтілді. Қазақстанда «Қорқыт» энциклопедиясы жарық көріп, Қызылорда қаласында Қорқыт Ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш орнатылды. Сонымен қатар, Әзербайжанның Нахчыван қаласында да «Қорқыт ата» ескерткіші орнатылып, 2000 жылғы сәуірде Әзербайжан Президенті Гейдар Әлиевтің шақыруы бойынша Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Бакуде өткен «Қорқыт ата кітабы» дастанының 1300 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шараларға қатысты.

Сондай-ақ, 2018 жылы Маврикий Республикасында өткен ЮНЕСКО-ның XIII сессиясында Қорқыт ата рухани мұралары Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламат материалдық емес мұралар тізіміне енді. Қорқыт ата мұрасын тізімге енгізу бойынша өтінішті Қазақстан, Әзербайжан және Түркия бірлесе дайындауы – түбі бір түркі елдері достығының тағы бір белгісі деп айта аламыз.

Түрік тілдес халықтардың эпикалық шығармаларының көпшілігі әр түрлі тілде айтылғанымен олардың мазмұны бір болып келеді. Оған «Алпамыс», «Көрұғлы», «Едіге» және басқа да жырлардың Әзербайжанда да, қазақта да және басқа түркі тілдес халықтарда бар екені дәлел.

«Көрұғлы» демекші, осы эпосты зерттеген ғалымдар шығарманың бас кейіпкерінің прототипі XV - XVI ғасырларда Оңтүстік Әзербайжан аймағында өмір

сүргенін бірауыздан мақұлдайды. «Көрұғлыны» қазақ даласында кеңінен жырлаған халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаев. Сондай-ақ, қазақтың әйгілі күйші композиторы, төре күйлерінің негізін қалыптастырушы Дәулеткерей Шығайұлының Каспийдің солтүстігінде орналасқан Маңғыстау түбегіне келгенде шығарған «Көрұғлы» күйі, Әзербайжан халқының белгілі композиторы Узеир Гаджибейли жазған «Көрұғлы» операсы түркі мәдениетінің озық туындыларының біріне айналды. Осы арада, 2010 жылы «ТҮРКСОЙ»-дың ұйымдастыруымен түркі операсы мәдениеті шыңдарының біріне айналған «Көрұғлы» қойылымын Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Башқұртстан, Татарстан елдерінің 250 әртісі ауқымды түрде бірлесіп, Ыстанбұл қаласында сахналады.

Қазақстан да, Әзербайжан да ұзақ жылдар бойы Ресей империясының құрсауында болып, ата-бабаларымыз азаттық үшін күресіп, өмірлерін де қиды. XX – ғасырдың басындағы тарихымызға көз жүгіртсек, Ресейдің I және II Мемлекеттік думасына депутат болып сайланып, онда қазақ ұлтының өкілдері – Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышпаев, Ахмет Бірімжанов, Бақытжан Қаратаев, Шаймерден Косшығұлов, Бақтыгерей Құлманов, Тілеулі Аллабергенев, Темірғали Нұрекеновтер мен Әзербайжан ұлтының өкілдері – Алимардан-бек Топчибашев (Мұсылман фракциясының төрағасы), Исмаил хан Зиятханов, Фатали Хан-Хойский, Халилбек Хас-Мамедовтер және басқа да зиялылар қоян-қолтық жұмыс істеді.

Жоғарыда аталған саяси қайраткерлер халқының мұң-мұқтажын, құқықтары мен еркіндігін қорғау жолында аянбай қызмет етті, қызмет етіп қана



қоймай, кейін басқа ұлт зиялыларымен бірігіп, 1917 жылы қазақ даласында «Алаш» автономиясы, 1918 жылы Кавказ жерінде тәуелсіздікті жариялаған Әзербайжан Ұлттық Кеңесінің (төрағасы – Мамед Эмин Расулзаде) пәрменімен Әзербайжан Демократиялық Республикасы құрылды. «Алаш» автономиясы Үкіметінің төрағасы болып Әлихан Бөкейханов, Әзербайжан Демократиялық Республикасы Үкіметінің төрағасы лауазымына Фатали Хан-Хойский сайланды.

Сол кезеңдегі туындаған күрделі жағдайға байланысты, «Алаш» автономиясы мен Әзербайжан Демократиялық Республикасының халқына қызмет ету ғұмыры қысқа болды. Бауырлас екі мемлекеттің де басшылары өз миссияларын толықтай орындай алмады. Дегенмен, өткен ғасырдың басында Қазақ даласында пайда болған ұлттық мемлекеттік құрылым жойылса да, кеңес билігі Қазақстанның автономиялық үкімет мәртебесін сақтап, одақ құрамына дербес республика есебінде қабылдады. Бұл жағдай, 1991 жылы Тәуелсіз ел болып бөлініп шығудың басты алғышарты болған еді. Ал, Әзербайжан Демократиялық Республикасының іргесі сөгілгенімен, оның тәжірибесі халқының тарихи жадында сақталып, ХХ ғасырдың соңында қайтадан қажеттілікке жарағанын, Гейдар Әлиев салып кеткен Әзербайжан Республикасының жолынан білеміз. Осы арада, өткен жылы Әзербайжан Демократиялық Республикасының 100 жылдығы Қазақстанда кеңінен аталып өткенін атап өткіміз келеді. Ел жүрегі Нұр-Сұлтаннан басталған мерекелік іс-шаралар легі Алматы, Түркістан қалаларында

жалғасын тапты.

Одан кейінгі, өткен ғасырдың 30-40 жылдары Қазақстан үшін де, Әзербайжан үшін де сталиндік саяси қуғын-сүргінге байланысты зобалаң туған кезең болды. Соның салдарынан халқымыз бүкіл әлем тарихында сирек болатын алапат демографиялық шығынға ұшырады. 1929-1933 жылдары екі миллионға жуық адам қаза болып, тағы миллиондай адам жан сауғалап, елден босып кетті. Одан кейінгі саяси репрессия қазақ қоғамының элитасын жаппай қырғынға ұшыратты. Саяси себеппен 103 мың адам сотталып, оның 25 мыңы ату жазасына кесілді. Қазақстан аумағында 11 жазалау лагері құрылып, онда сотталғандар мен олардың отбасылары адам төзгісіз қиын жағдайда күн кешті. Қуғын-сүргіннің зобалаңын қазақтар ғана емес, Қазақстанға еріксіз, күшпен жер аударылып келген 1,5 миллион өзге этнос өкілдері де көрді, олардың арасында Кавказ елінен келген Әзербайжан бауырлар да бар еді. Қазақ халқының жанашырлығы мен көмегінің арқасында олар жан сақтап, аман қалды.

Жоғарыда аталған «Алаш» автономиясы мен Әзербайжан Демократиялық Республикасы туының астында біріккен арыстарымыздың барлығы дерлік атылды, сотталды, жақындары қудаланды.

Сонымен қатар, Қазақстанның көпғасырлық тарихи ғылымы кеңестік дәуірде ірі саяси-қуғын-сүргінге ұшырады және сол жолда небір жарқын тұлғалар құрбан болды. Қиын сынақ кезең болды. Қазақстанның кеңес дәуіріндегі тарихшыларының алғашқы буыны, атап айтқанда, Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Ғаббас Тоғжанов, Петр Галузо





және басқа да ғалымдар 1930-1940 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Ал, 1950 жылдардың басында Қазақстан ғалымдарын қудалаудың екінші кезеңі болғанын архивтік материалдардан білеміз. Бұл Кеңес Одағы Компартиясының өзгерген ұлттық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Осы кезде пролетарлық интернационализм идеялары орнына ұлыдержавалық-шовинистік көзқарастар келді, орыс халқы мадақталып, ол «Ұлы Руське», Кеңес Одағының басқа тең халықтары арасында басты халыққа айналды, орыс патшалары, қолбасшылары мен әскербасылары дәріптелді. Ал, Кавказ, Татарстан, Башқұртстан және басқа да жаулап алынған және езгіге түскен халықтардың царизмге, оның отарлық саясатына және самодержавиені жақтаған жергілікті қанаушыларға қарсы ұлт-азаттық сипаттағы бас көтерулері қайта қаралды, осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдар қудалауға ұшырады. Атап айтар болсақ, Сталиндік сыйлық алған Шәмил туралы монографияның авторы – қудалауға шыдай алмаған Әзербайжан тарих-

шысы Гейдар Гусейнов асылып өлді, ал татар және башқұрт ғалымдары Едіге үшін жапа шекті.

Жоғарыда аталған саяси саяси - қуғын-сүргіннің аяусыз тетігі 1952 жылы Қазақстанда да іске қосылып, «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты монографияның авторы Ермұхан Бекмахановқа Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың тарихын ақтады деген ауыр айып тағылып, 25 жылға сотталды. Сондай-ақ, Қазақ ССР Ғылым академиясының Президенті Қаныш Сәтбаев, қазақ жазушы-ғалымдары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов, Қажым Жұмалиев, композитор Ахмет Жұбанов, тарихшы Бегежан Сүлейменов және басқалары да осындай қудалауға душар болды.

Шығыстың ғұлама ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби «мемлекет те адам сияқты, өз өмірінде екі табалдырықтан аттайды. Біріншісі – өмірге келуі, екіншісі – ересек өмірге қадам басуы», - деген екен. Бүгінгі күні, әрқайсысы қайталанбайтын, әрі қымбат болып саналатын осы кезеңдерден Қазақстан да,



Әзербайжан да өз көшбасшыларының бастауымен өтті деп толық сеніммен айта аламыз.

Тәуелсіз Қазақстан мен Әзербайжан елдерінің арасындағы қазіргі достық қатынастардың бастауы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Әзербайжан халқының ұлы тұлғасы Гейдар Әлиев арасындағы достықтан басталатынына ешкімнің күмәні жоқ.

Осы бір қос бауырлас елдің бағына туған саяси тұлғалардың өмірбаяны мен еңбек жолынан ұқсастықтар байқаймыз. Бала Гейдар осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын ата-анасы Әлирза мен Ізет ханымның, жаратқан иенің жар болуымен өмірге келген, ата-анасының некесінен туған тұңғыш баласы болса, бала Нұрсұлтан да Әбіш пен Әлжан ананың отбасы құрғаннан кейін бірнеше жыл бойы күткен, Алладан тілеп алған тұңғышы еді. Гейдар Әлиевке Әзербайжан Республикасын басқару 1969 жылы сеніп тапсырылса, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның бірінші басшылығына тура жиырма жылдан соң, 1989 жылы келген еді. Осы арада, «Егемен Қазақстан» газетінің а.ж. 22 мамырдағы санында жарияланған Түркияның бұрынғы Мәдениет министрі Намык Кемаль Зейбектің Н.Ә.Назарбаевтың қайраткерлігі туралы «Заманымыздың Білге қағаны» деген мақаласынан мына бір үзіндіні келтіргім келеді: «Әзербайжанның марқұм президенті Гейдар Әлиевтен естіген едім. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының

басшылығына Г.Колбин тағайындалғанда М.Горбачевқа былай депті: «Бұл қате шешім... Колбинді тағайындауыңыз проблема тудырады. Несіне басқа біреуді іздейсіз? Нұрсұлтан Назарбаев бар ғой... Ең дұрысы сол.» Әлиев осы әңгімеден кейін Горбачевпен арасының салқындай бастағанын айтқан еді». Бұл дерек - Гейдар Әлирзаұлының Қазақ ССР Министрлер кеңесінің жас төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың іскерлігін, республиканы басқаруға дайын екендігін сол кездің өзінде байқағанын, оның саяси көрегендігін білдіреді. Қазір, 30 жыл өткен соң, сол жылдары өткен оқиғаларға талдау жасау арқылы мынадай тұжырымға келуге болады: егер М.С.Горбачев сол кезеңде КСРО Министрлер кеңесі Төрағасының Бірінші орынбасары лауазымында болған Гейдар Әлиевтің ұсынысын қолдап, 1986 жылғы 16 желтоқсанда өткен Қазақ КСР-і Компартиясы ОК пленумында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланғанда қантөгіс қақтығыстар мен қудалаушылыққа алып келген Желтоқсан оқиғаларын болдырмауға болар еді. Сондай-ақ, 1991 жылдары жаңа Одақтық Шарт дайындалған кезде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевтың Одақтық Үкіметтің Премьер-Министрі лауазымына бірден-бір үміткер ретінде қаралғанын да білеміз.

Өз кезегінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кеңестік кезеңдегі Гейдар Әлиевпен қарым-қатынасын мынадай жылы естеліктерімен

түйіндепті: «Гейдар Әлиевпен бұрыннан таныспыз, бір-бірімізді жақсы білеміз. Гейдар Әлиев Кремльде қызмет жасаған кезде елдік мәселелерді шешу жөнінде қолдау көрсетуін сұрайтын едім. Гейдар Әлиев Мәскеуде сырқаттанып, ауруханаға түскенде, алғашқылардың бірі болып көңілін сұрадым. Өмірлік жары дүниеден өтіп, қоштасу кезінде жанында болдым». Осы арада, қазақтың мына бір мақалы ойға оралады:

«Жақсы жігіт сырқаттанса,
Көңілін сұрар ағайын,
Жаман жігіт сырқаттанса,
Ешкім баспас маңайын».

Тарих беттерінен ұлы тұлғалардың осы достығының тәуелсіз Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы берік достыққа ұласқанын жақсы білеміз.

Бәрімізге белгілі, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздігін енді ғана алған мемлекеттер үшін аса қиын жағдай туды, экономикалық дағдарыстан халықтың жағдайы күрт төмендеп, соңы қақтығыстарға апарды. Осы кезең басқа посткеңестік республикаларға қарағанда Әзербайжан халқына өте ауыр тигенін білеміз. Осы кезеңдегі саяси және экономикалық дағдарыстың бірінші себебі – 1990 жылғы 20 қаңтарда Бакуде болған қақтығысты бейбіт жолмен емес, керісінше қарулы әскерилер арқылы шешкісі келген мәскеулік биліктің қатесі болса, екінші себеп – сол жылдары елдің бірлігін қамтамасыз ете алмаған республика билігінің әлсіздігі.

Осы арада, «Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан», - дегендей, мәскеудегі Бас хатшы «өздерінің проблемасын өздері шешсін», - деп, теріс айналғанда, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бауырлас елде болып жатқан қайғыға, халықтың көз жасына бей-жай қарай алмай, Ресей Президенті Борис Ельцинмен бірлесіп, 1991 жылғы 20-23 қыркүйек күндері Баку, Ереван қалаларына барып, тек қана екі елдің басшыларымен ғана емес, қарапайым халықпен де кездесіп, оларды келісімге келуге шақырғанын Әзербайжан халқы ұмытқан жоқ, ризашылықтарын білдіріп келеді. Сондай-ақ, Н.Ә.Назарбаев Алматы қаласында тағы бір бітімгершілік жиынына бастамашы болып, 1992 жылғы 27 тамызда Қазақстан, Әзербайжан және Армения елдерінің Сыртқы істер министрлерінің үшжақты келісіміне қол қойылды. Әрине, Қазақстанның бітімгерлік күш-жігері Каквказ

аймағында қарулы қақтығысты толық тоқтата алған жоқ, дегенмен екі жақты келіссөз арқылы ортақ шешімге келуге болатынына тараптарды сендірді.

«Ығыр қылды ессіздер, қайда жүрсіз естілер?», деген Әзербайжан халқының мақалындай, осындай жағдайда, яғни Әзербайжан жеріндегі билік дағдарысының ушығуына байланысты (тәуелсіздіктен айырылу қаупі төнгенде десек те қателеспеспіз) 70 жастағы Гейдар Әлирзаұлының жанын шүберекке түйіп, туған халқының қалауымен, басында кіші отаны - Нахчыван Автономды Республикасының Жоғарғы Кеңесінің төрағалығына, ал 1993 жылы Әзербайжан Республикасының Президенті ретінде еліне қызмет етуді қайта бастады. Сол жылдардағы Гейдар Әлирзаұлының ең бірінші алдына қойған міндеті – Әзербайжан халқының, мемлекетінің тәуелсіздігін тұғырлы ету болатын. Әзербайжанның бүгінгі даму қарқынына қарап, ол арманына жетті, өз халқын дамудың даңғыл жолына салып кетті дей аламыз.

Ұлы Абайдың «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?», - дегеніндей, Кеңес Одағы ыдыраған соң егемендікке қол жеткізген жаңа мемлекеттер «бәрінен де тәуелсіз болам», - деген байбаламмен бұрыңғы байланыстардан бас тартқан кезде, Қазақстан басшысы Н.Ә.Назарбаев, керісінше ондаған жылдар бойы қалыптасқан одақтас республикалар арасындағы экономикалық байланыстардың бір мезетте үзілуіне бағытталған жоспарларға қарсы іс-әрекет жасады: Қазақстан басшысының табандылығының арқасында 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымын құру туралы келісім жасалса, 1994 жылғы 29 наурызда М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде еуразиялық интеграция туралы бастама жасап, арада 20 жыл өткен соң Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы Шартқа қол қойылды.

Ал, туған елін басқару міндеті екінші мәрте сеніп тапсырылған аса тәжірибелі саясаткер Гейдар Әлиев өзіне дейінгі республика басшыларының жіберген қателігін түзету мақсатында бірден Әзербайжан Республикасын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымына мүшелікке өту ұсынысын көтерді. Гейдар Әлирзаұлының осы шешімінің Әзербайжанда қантөгісті тоқтатып, бейбіт өмірдің қалыптасуына негіз болғанын уақыт көрсетті.

Осы бір Әзербайжан мен Қазақстан халқы үшін өз мемлекеттіліктерін құруға ұмтылған жылдары

Нұрсұлтан Назарбаев пен Гейдар Әлиев арасындағы ағалы-інідей мызғымас достықтың жаңа тынысы ашылды. Сондай қиын-қыстау кезеңдерде Қазақстан мен Әзербайжан мемлекеті достық, бауырластық қарым-қатынасына қылау түсірмей, керісінше, бір-біріне демеу болды.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының ең ауыр кезеңдерінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев туындаған кедергілерге қарамастан, ел болашағы үшін республика астанасын Алматыдан Ақмола (қазір – Нұр-Сұлтан) қаласына көшіріп қана қоймай, әлемдегі заманауи сәулет үлгілерін ұлттық нақышпен үйлестіре елорданы салды. Астананың салынуымен бірге қазақтың жаңа дәуірі басталды. Елбасымыздың сөзімен айтар болсақ, «Қазақтың даңқын аспандатқан да, асқақтатқан да – қастерлі Тәуелсіздігіміз бен ару Астанамыз». Осы арада, 1998 жылғы 10 маусымда өткен Қазақстанның жаңа астанасының халықаралық тұсаукесеріне Әзербайжан Президенті Гейдар Әлиевтің де қатысқанын мақтанышпен еске аламыз. Гейдар Әлирзаұлы аталған маңызды іс-шараға қатысып қана қоймай, Қазақстан халқына жүрекжарды лебізін де арнап, қолдау көрсеткен болатын. Ол былай деген еді: «Қазақстанның жаңа астанасының негізінің қалануына арналған бүгінгі тарихи оқиға – қазақ халқының, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің және ұлттық бостандығының нәтижесі. Бұл шын мәнінде тарихи оқиға, өйткені әлем тарихында бір жерден екінші жерге мемлекет астанасын ауыстыру деректері аз. Мен, бүгін тәуелсіз Қазақстанның елордасы атанған Астана қаласының мәңгілікке Қазақстанның астанасы болатынына және болашақта ешқашан ауыспайтынына сенімдімін. Осы тарихи оқиға туралы айтқанда, қазақ елінің лидері, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі мен ерен еңбегін айырықша атап өту қажет. Ашығын айтар болсақ, бұл істі, бұл міндетті оңай деп айта алмаймыз. Идея – сөзсіз ұлы жеңіс. Дегенмен, осы идеяны жүзеге асыру орасан зор күш-қуатты, ең бастысы ерікті талап етеді... Астананың даңқы аса берсін! Тәуелсіз Қазақстан жасасын!». Әзербайжан ұлткөшбасшысы Қазақстанның елордасының қазіргі дамуын көре алмаса да Әзербайжан халқы, оның бүкілхалықтық сайлаумен сайланған мұрагері Ильхам Әлиев елімізге жасаған ресми сапарларында тәнті болды.

Өткен жылы Қазақстанның елордасы 20 жылдығын атап өтті. Осы айтулы мемлекеттік ме-

рекеге орай Елбасының сенімді көмекшісі ретінде 30 жыл бойы жанында адал қызмет етіп жүрген, мемлекет қайраткері, саясаттанушы ғалым, Махмұд Қасымбековтің Әзербайжан тілінде жарық көрген «Нұрсұлтан Назарбаев. Өмірбаян» атты кітабының таныстырылымы Баку қаласында өтті. Гейдар Әлиев орталығы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің кітапханасы және Халықаралық түркі академиясы арасындағы ынтымақтастықтың арқасында шығарылған туындының тұсаукесер рәсімінің Әзербайжанның жетекші ғылыми және мәдени-білім беру орталықтарының бірі – Гейдар Әлиев орталығында өтуінің де символдық мәні бар.

Сондай-ақ, 2018 жылғы мамырда Әзербайжан ұлткөшбасшысы Гейдар Әлиевтің 95-жылдығына орай қазақ тіліне аударылған Әзербайжан халқының ұлы перзенті туралы жазылған «Еліне жол ашқан» кітабының да тұсаукесері ел жүрегі Нұр-Сұлтанда орналасқан Назарбаев орталығында жоғары деңгейде өтті.

Қазақ халқында «Теңізді төңіректенгенің несібі егіз», - деген жақсы сөз бар. Каспий теңізі мыңдаған жылдар бойы жағалай қонған халыққа өзінің байлығымен, сырлас та, мұңдас та, адал дос та болып келеді. Ал, өткен ғасырдың 90-шы жылдары Каспий теңізі айналасындағы бес елдің төртеуі егемендікке ие болып, олар үшін теңізді пайдалануды құқықтық реттеу мәселесі кезек күттірмес мәселеге айналды. Оның үстіне Каспий қайраңындағы барланған мұнайдың бай қоры – келіссөздің бастапқы кезеңдерінде бес мемлекеттің бір-бірімен келісе алмай, арты үлкен дауға айнала жаздағаны да белгілі. Ширек ғасырдан астам уақытқа созылған күрделі келіссөздер бүгінгі күні шешімін тапты. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы халықаралық келісімнің Қазақстан үшін де, бауырлас Әзербайжан үшін де сәтті жасалуының басты себебі – екі ел достастығының жарқын көрінісі деп толық сеніммен айтуға болады. Қазақстан мен Әзербайжан басшыларының табандылығының арқасында бірінші болып, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша екі мемлекет арасында ортақ ұстаным анықталып, 1921 жылғы 26 ақпан, 1940 жылғы 25 наурыз КСРО мен Иран арасындағы Каспий теңізі бойынша келісімдерге сүйенгісі келген екі алпауыт мемлекет уақыт өте бастапқы жоспарларын өзгертті. Осылайша, Әзербайжанның ұлы перзенті Гейдар Әлиевтің кезінде басталған Каспийдің құқықтық мәртебесін реттеу үдерісі мәресіне жетті.

Нақтырақ айтсақ, 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті барысында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан Президенттері қол қойды.

Тәуелсіздік таңында, кеңестік экономиканың күрт төмендеуі шегінде, өндіріс көлемінің қысқаруы, инфляцияның күш алуы, бюджет жетіспеушілігінің өсуі мен тұрғындар өмір сүру деңгейінің құлдырауы жағдайында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысы Г.Ә.Әлиевке өз елдерінің жаңа институционалдық, саяси және әлеуметтік-экономикалық моделін құру жөнінде күрделі де жауапты шешімдерді қабылдауға тура келді. Осы жаңа «архитектураның» іргетасын қалауда қос мемлекет үшін басты рөл атқарған мұнай-газ өнеркәсібі болды.

Бұл жөнінде Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы» кітабында былай жазады: «Сол кезеңдегі біздің экономикамыздың «қан тамыры» қазақ жерінің «қара алтыны» - мұнайы болды. Мұнай мен газ тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап басты қорымызға және бастапқы капиталымызға айналды». Елбасымыздың қажырлы еңбегімен 1993 жылдың 6 сәуірінде Алматыда «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойылып, осының арқасында Қазақстан экономикасы көтерілді. Жоба іске қосылғаннан бері мұнай өндіру көлемі 30 есе өсіп, тарихи меже - үш миллиард баррельге жетті. «Теңізшевройл» компаниясы экономиканың машина жасау, мұнай-газ саласындағы қызмет көрсету, көлік және құрылыс сияқты салаларында жұмыс істейтін мыңдаған қазақстандық кәсіпорынның дамуына жол ашты.

Ал, тура бір жылдан соң, 1994 жылғы 20 қыркүйекте Әзербайжанда Гейдар Әлиевтің күш-жігерімен «Ғасыр келісімшарты» деп аталатын мұнай шартына қол қойылып, елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелері қысқа мерзімде шешіле бастады. Әзербайжан Оңтүстік Кавказдағы халықаралық саясат саласында мойындалған лидерлердің бірі болды.

«Ғұн – түріктің арғы атасы», «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой», - деп өз заманында жырлаған Мағжан Жұмабаевтың, Түркістан автономиясының жетекшісі Мұстафа Шоқайдың, Әзербайжан Демократиялық Республикасы туының (кейін – қазіргі Әзербайжан Республикасының туы болып бекітілген) авторы Әли-бек Гусейнзадениң және басқа да ата-баба арманы – тұтас түркі халқының бірлігі еді. Олар

аңсаған арманды жүзеге асыру тәуелсіздігіміздің арқасында мүмкін болды. 1992 жылдан бастап түркі тілдес мемлекеттердің Саммиті ретінде өткізіліп, тура 17 жылдан кейін түркітілдес мемлекеттер – Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия елдерінің президенттері Түркі кеңесін құру жөніндегі тарихи құжатқа – Нахчыван келісіміне қол қойған болатын. 10 жыл бұрын, Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Түркі кеңесі негізінің Гейдар Әлиевтің кіндік қаны тамған жері Нахчыванда қалануы - осы бір түркі тілдес мемлекеттерді тұтастырған ұйымға Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысының да зор еңбегі бар дегенді меңзейтіндей.

Биылғы жылы 15 қазанда Түркі кеңесінің 10 жылдығына орай Әзербайжан елінің астанасы Бакуде өткен Түркі кеңесінің VII саммиті бір кезеңнің қорытындысын шығарып, алдағы кезеңнің бағдарын белгілеген басқосу болды. Құдай қосқан көршіміз – Әзбекстан Республикасы Түркі кеңесіне мүше ретінде қабылданды. Ең басты оқиға - Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанның ұсынысы бойынша Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа «Түркі кеңесінің Құрметті төрағасы» мәртебесі салтанатты жағдайда тапсырылуы және аталған жоғары марапатты Гейдар Әлиевтің ізбасары, Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің тапсыруы «әкең дүниеден өтсе де, әкеңнің көзін көрген жасай берсін», - деген қазақтың асыл сөзінің даналығын дәлелдегендей.

Иә, Әзербайжан халқын бақытқа кенелткен Гейдар Әлиевтің кезінде орнаған Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы ынтымақтастық стратегиялық серіктестік деңгейінде даму үстінде. Оған дәлел – Нұрсұлтан Назарбаевтың Әзербайжанға, Ильхам Әлиевтің Қазақстанға ресми сапарларында қол қойылған ондаған келісімдер мен уағдаластықтар. Алдағы уақытта да сабақтастықты ту еткен Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиевтің бастауымен туыстық тамыры терең Ұлы дала елі мен Оттар елінің адалдығына шүбә келмейтін достығы жалғаса берері сөзсіз. ❀

Фотосуреттер ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Жеке архивінен